2025

# ЖАҢА ЖЫЛ

*Құтты болсын!*


# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

№52

(8048)

28 желтоқсан
сенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады


# «ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ - 2024»: САЛА ҮЗДІКТЕРІ ДАРАЛАНДЫ

**ӨТКЕН СӘРСЕНБІНІҢ СӘТТІ КҮНІНДЕ САНАУЛЫ КҮННЕН КЕЙІН ЕСІГІН ЖАБАТЫН ҰЛУ ЖЫЛЫН ОЙЫЛ ХАЛҚЫ ТАБЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ. АУДАНЫМЫЗ ҚАЖЫРЛЫ ҚАЙРАТ ПЕН ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКТІҢ АРҚАСЫНДА ҚИЫН СӘТТЕРДІ ДЕ ЕҢСЕРДІ. КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ СЫН САҒАТТАР ДА БІРЛІГІ МЕН ЫНТЫМАҒЫНА СЫЗАТ ТҮСІРЕ АЛМАДЫ. ЖЫЛ КӨЛЕМІНДЕ БЕЛГІЛІ БІР МЕЖЕДЕН КӨРІНЕТІН ӘРБІР САЛАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛАТЫН КЕШ ЖЫЛДАҒЫ ДӘСТҮР БОЙЫНША СӘН-САЛТАНАТЫМЕН ӨТТІ. ҚОҒАМ АРАСЫНДА МАҢДАЙ ТЕРІМЕН АБЫРОЙЛЫ ІС АТҚАРЫП, ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНІП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАР ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ.**




Аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты шараның шымылдығын ашқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ойыл ауданы бойынша жыл ішінде атқарылған іргелі істерге тоқталды.

-Сіздермен бірге тағы бір жылды артқа тастап, жаңа жылды қарсы алмақпыз. Әр жылдың өзінің ерекшелігі бар. Бұл жыл бізге ауырлау жыл болғанымен, негізі көрсеткіштеріміз бойынша ауданның өнеркәсіп көлемі, инвестиция, ауылшаруашылық, тұрғын үй пайдалануға берілуі негізгі индекаторлардың бәрі толық 100 пайызға орындалды. Халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған түрлі бағдарламалар аясында тұрғындарымыздың өмір тынысы жақсаруда, жақсарада бермек. Келе жатқан жаңа жыл баршаңызға құтты болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!, - деп, ауданымызға еңбегі сіңген азаматтар мен көктемгі су тасқыны кезінде қолдау көрсеткен барша азаматқа өз ризашылығын жеткізді.

Мұнан соң Жаңа жыл мерекесі қарсаңында жылдың қорытындысымен бірқатар аудан азаматтары марапат төрінен көрінді. Жыл көлемінде әр сала бойынша елеулі еңбегімен жетістікке жетіп жүрген жыл үздіктеріне түрлі номинациялар бойынша марапаттар табысталды.

«Нобель» ЖШС директоры, белгілі баспагер Нұрлан Жұмағалиев, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Ғалия Амирова, мемлекеттік қызмет саласының ардагері, облыстық ақсақалдар кеңесінің мүшесі Бөкен Жантолы, «Спарта» шаруа қожалығының басшысы Спартак Төремұратов, білім саласының ардагер ұстазы Әтшібай Тіржанов «Ойыл ауданының құрметті азаматы - 2024» атағына лайық деп танылды. Бұл азаматтарға аудан әкімі арнайы естелік сыйлық ұсынып, кеуделеріне төсбелгі тақты. «Ойыл ауданының жыл адамы – 2024» атағымен Көсембай негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ерсайын Құрылысұлы, «Энергосистема» ЖШС Ойыл аудандық электр желісінің басшысы Серік Қартбаев марапатталды. Сондай-ақ зейнеткер, «Замандас» аналар клубының төрайымы Гүлжан Булаеваға Ойыл ауданының әлеуметтік –экономикалық дамуына айрықша үлес қосқаны үшін «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тақты.

Еске салсақ, ауданымызда көктемгі су тасқынының салдарынан бірқатар елді мекендер апаттық жағдайда болып, үйлері жарамсыз болып танылып жаңа баспаналар салынып берілген болатын. Сонымен қатар қысылтаяң уақытта халықтың жанына жалау болған азаматтар «Анвар» ЖШС-нің бас директоры Талғат Салфиков, Жәрдем Ақбисенов, жеке кәсіпкер Жандос Жаңабай, Ойыл кәсіптік колледжінің директоры Серік Займолдин, «Отан Строй Корпус» ЖШС директоры Манас Қонақбаев, «Муканов и К» ЖШС-нің директоры Жомарт Мұқанов, «ГТА Сервис» ЖШС директоры Роллан Кантарбаев, «Галамат Stroy Group Kazakhstan» ЖШС-нің құрылтайшысы Ержан Кенжебаев, жерлесіміз, жеке кәсіпкер Салтанат Шахметова арнайы «Жомарт жүрек» номинациясымен марапатталды.

Одан әрі Қазақстан Мәслихаттарының 30 жылдығына орай және жергілікті өкілді органдардың қалыптасып, нығаюына, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін белсенді әр шақырылым депутаттары мен бірқатар құрметті азаматтарды аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин арнайы марапаттады.

Әрі қарай өз саласы бойынша жақсы жетістіктерге жеткендер марапат төрінен көрінді. Ауданымыздың дамуына үлес қосып, әр түрлі бағытта өңір экономикасын дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға өз үлестерін қосып жүрген бірқатар сала үздіктері арнайы номинацияларды аудан әкімінің алғыс хатын аудан әкімінің орынбасарлары Саян Сүлейменов, Нұржау Тұрғамбеков, Мұратбай Айдарбаевтар табыстады. Шара соңы мәдениет үйінің өнерпаздарының және Ақтөбе қаласынан арнайы келген "Көкжар қырандары" мен отбасылық жұп Ғабит-Арайлымның ән шашуымен жалғасын тапты.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ




***Құрметті жерлестер!***

Сіздерді келіп жеткен жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткен жылға көз жүгіртіп, таразылайтын, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылатын, жаңаша ойларға жол сілтейтін ерекше мереке.

Жаңа жыл – өткенді саралап, жаңа бағытқа бетбұрыс жасайтын мереке. Өткелі тұрған жыл ойылдықтар үшін табиғи апат – су тасқынымен ғана есте қалмайды. Берекелі белестер де көп болды.

Аудандағы су тасқынының салдарымен күрес сияқты барлық игілікті істер халықтың бірлігімен, ынтымағымен атқарылды.

Өткелі тұрған ұлу жылы халқымыз үшін шын мәнінде сын сағаттағы бірлік пен берекенің, жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктердің кезеңі болды. Су тасқынының салдарын жою аясында ауқымды жұмыстар атқарылды. Су тасқынынан зардап шеккен барлық тұрғын баспанамен қамтылды. Түйткілді мәселелер де шешімін тауып жатыр. Аудан халқы үшін бірқатар нысандар бой көтеріп, пайдалануға берілді. Бұл – облыс басшысының қолдауымен, халқымыздың бірлігінің арқасында жеткен жетістіктер.

***Ардақты ағайын!***

Халқымызда «Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл жарылқасын» деген сөз бар. Өткен жылға өкпе жоқ десек, келер жылдан күтер үмітіміз де, тілер тілегіміз де жетерлік.

Алдымызда үлкен мақсат-міндеттер тұр. Жаңа жыл еліміздің жаңа белестерді бағындырып, жарқын келешекке ¬бастайтынына үлкен сенім артамыз.

Біз Жаңа жылға үлкен үмітпен қарап, жақсы ниетпен қарсы аламыз. 2024 жыл жағымды жаңалықтарға, қуанышты сәттерге толы болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, толағай табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

Жаңа жылда мерейлеріңіз үстем болып, игі тілектеріңіз жүзеге ассын. Еліміздің ырысы артып, жемісті жыл болсын!

Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры қашан да берік, туы биік болсын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Жаңа жыл құтты болсын!

***Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі***
***Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев***

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

**2024 жылғы 25 желтоқсан № 17 Ойыл ауылы**

Ойыл ауданының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабының 1-тармағы,
1-тармақшасына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтер әкімдерінің сайлауы 2025 жылғы 2 ақпанға тағайындалсын:
2. Ауылдық округтің әкіміне кандидаттарды ұсыну 2024 жылдың
26 желтоқсанынан басталып және ұсыну мерзімінің аяқталуы 2025 жылдың
7 қантары күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
3. Ауылдық округтің әкіміне кандидаттарды тіркеу мерзімінің аяқталуы 2025 жылғы 12 қаңтар күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
4. Осы қаулы аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Бисекенов**

**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Н.Кенжебеков Б.Бақтыгереев**

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

**2024 жылғы 25 желтоқсан № 18 Ойыл ауылы**

Ойыл ауданының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтер әкімдерін сайлау жөнінде сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4)тармағына және 22 бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтер әкімдерін сайлау жөнінде мынадай сайлау округі құрылсын:
1) Ойыл ауылдық округінің шекараларында - Ойыл сайлау округі.
2) Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің шекараларында – Ш.Берсиев атындағы сайлау округі;
2. Сайлау округтерінің тізімі, олардың шекаралары және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ойыл аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: Б.Бисекенов**

**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: Н.Кенжебеков**

| | |
|---|---|
| **Ойыл ауданы Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтер әкімдерін сайлау** | |
| **Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері** | |
| **Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 69 үй, 315 бөлме тел. 8 (71332) 2-16-10** | |
| Бисекенов Берік Төлеуұлы | төраға |
| Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы | төрағаның орынбасары |
| Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы | хатшы |
| **Комиссия мүшелері:** | |
| Қартбаев Серік Сағынұлы | |
| Маханова Самал Асқарқызы | |
| Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы | |
| Сәттібаев Қонақбай Кәримоллаұлы | |

## ШЫРША ТЕК ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ШЫРАЙЫ ЕМЕС!



Жаңа жылдық мерекелер – бұл ескі жылдың аяқталуы мен жаңа жылдың басталуын тойлауға отбасымызбен және достарымызбен бірге өткізетін уақыт.

Жылдың осы уақытының ең танымал символдарының бірі – ойыншықтар мен, гирляндтар мен және шамдар мен шырша.

Дегенмен, ағаштарды кесу құстардың, жәндіктердің және сүтқоректілердің табиғи мекендеу ортасын бұзады, бұл көптеген түрлер үшін жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, шыршаларды кесу климатқа да кері әсерін тигізуі мүмкін. Қылқан жапырақты ағаштар көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін шығаруда маңызды рөл атқарады. Барған сайын көбірек адамдар қылқан жапырақты ағаштарды кесуден бас тарта бастады және кейінірек бақшаға отырғызуға болатын папоротник немесе гүлді өсімдіктер сияқты тірі өсімдіктерді пайдалануды таңдайды. Бұл ресурстарды тұтынуды азайтуға және табиғатты сақтауға көмектеседі.

Жаңа жылдық мереке маусымы – бұл қуаныш пен бақыт уақыты, және біз бәріміз оны экологиялық тұрғыдан тұрақты ету үшін шағын өзгерістер жасай аламыз. Қылқан жапырақты ағаштарды кесуден бас тарту – болашақ ұрпақ үшін табиғат пен биоәртүрлілікті сақтаудың бір жолы.

**Ә. ОМАРОВ,**
**«Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ орман күзету инженері.**

## ЖАҢА ЖЫЛ АЛДЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**ЖАҢА ЖЫЛ — ҚУАНЫШ ПЕН МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ ЕРЕКШЕ УАҚЫТ. АЛАЙДА МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙДІ САҚТАП ҚАЛУ ҮШІН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АСА МАҢЫЗДЫ. ӨЙТКЕНІ ПИРОТЕХНИКА, ШЫРША ЖӘНЕ ШАМДАР СЕКІЛДІ ЗАТТАР ДҰРЫС ҚОЛДАНЫЛМАСА, ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАРҒА ӘКЕЛУІ МҮМКІН. ТӨМЕНДЕ СІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІҢІЗДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР КЕЛТІРІЛГЕН.**

**1. Пиротехниканы дұрыс пайдаланыңыз**

• Сапалы өнімдерге ғана назар аударыңыз. Сертификатталған пиротехниканы арнайы дүкендерден сатып алыңыз.

•Пиротехниканы балаларға бермеңіз және оны қолдану нұсқаулығын мұқият оқыңыз.

•Жабық орындарда, әсіресе үй ішінде фейерверк пен басқа да пиротехникалық бұйымдарды пайдаланбаңыз.

•Пиротехниканы адамға, ғимараттарға немесе жанғыш материалдарға бағыттамаңыз.

**2. Жаңа жылдық шырша орнату ережелері**

• Шыршаны қыздырғыш құралдардан (камин, радиатор, электр пештері) кем дегенде 1 метр қашықтықта орнатыңыз.

•Шыршаны орнықты қойып, оның құлап қалмауын қамтамасыз етіңіз.

•Электр гирляндаларын таңдағанда, олардың сертификатталғанын және сымдарының бүтін екенін тексеріңіз.

**3. Электр құрылғыларын қауіпсіз пайдалану**

•Электр гирляндаларын қоспас бұрын олардың дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

•Құрылғыларды ұйықтар алдында немесе үйден шығар алдында міндетті түрде сөндіріңіз.

•Бір розеткаға бірнеше құрылғыны қоспаңыз, себебі шамадан тыс жүктеме өртке себеп болуы мүмкін.

**4. Шамдарды және басқа жанғыш заттарды қолдану**

•Шамдарды шыршаның немесе перденің жанында жақпаңыз.

•Жанғыш материалдарды (қағаз, мата) оттан алыс ұстаңыз.

•Жаңа жылдық дастарханға жағылған шамдарды қараусыз қалдырмаңыз.

**5. Балалардың қауіпсіздігіне назар аударыңыз**

• Балаларға пиротехниканы қолдануға қатаң тыйым салыңыз.

•Шырша мен электр гирляндаларын олардың қолы жетпейтін жерге орнатыңыз.

•Өрт шығу қаупі туралы балаларға түсінікті тілде түсіндіріңіз.

**6. Төтенше жағдайларға дайын болыңыз**

•101 немесе 112 нөмірін есте сақтап, төтенше жағдайда жедел қоңырау шалыңыз.

Жаңа жылдық мереке тек қуаныш сыйлауы үшін қарапайым, бірақ маңызды ережелерді сақтау қажет.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы сіз өзіңізді және жақындарыңызды күтпеген жағдайлардан қорғай аласыз. Ережелерді сақтап, мерекені бейбіт және бақытты өткізіңіз!

**Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі**

# 2025 ЖЫЛ: ЖЫЛАН ЖЫЛЫ МЕН ХАЛЫҚ ҮМІТІ

**БІР МҮШЕЛ 12 ЖЫЛДАН ТҰРАДЫ. ЖЫЛ ЕСЕБІН ОСЫЛАЙША ЖҮРГІЗУ ЕЖЕЛГІ КЕЗДЕН БАСТАЛҒАН ЖӘНЕ ЕШҚАНДАЙ ДІНИ ҚАҒИДАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС. ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПАЙЫМДАУЫНША, ОЛАЙ ЖЫЛ ҚАЙЫРУ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ ҚАЙТАЛАМА ЗАҢДЫЛЫҒЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН. ҚАЗАҚША МҮШЕЛДІК ЖЫЛ САНАУ ТЫШҚАН ЖЫЛЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ. ОДАН ӘРІ ҚАРАЙ КЕЗЕКПЕН СИЫР, БАРЫС, ҚОЯН, ҰЛУ, ЖЫЛАН, ЖЫЛҚЫ, ҚОЙ, МЕШІН, ТАУЫҚ, ИТ, ДОҢЫЗ КЕЛІП ОТЫРАДЫ. 12 ЖЫЛДЫҚ ҚАЙТАЛАМА НЕГІЗІНДЕ МҮШЕЛМЕН ЖЫЛ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУДІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ «ЖЫЛ ҚАЙЫРУ» ДЕП АТАЙДЫ. ТАЛАЙ ЖЫЛДЫҢ ТАУҚЫМЕТІН, ҚЫЗЫҒЫН БАСЫНАН ӨТКІЗГЕН ТӘЖІРИБЕСІ БАЙ, ҰҒЫМДЫ ХАЛЫҚ ӘР ЖЫЛҒА ТИІСТІ БАҒА БЕРІП ҺӘМ СОҒАН САЙ ҚАМ ЖАСАП ТА ОТЫРҒАН. ДӘСТҮРЛІ НАНЫМДАРДА ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ӨЗДІГІНЕН ҚАУІП ТӨНДІРМЕЙДІ, ТЕК АДАМДАРДЫ ОЙЛАНЫП ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ ШАҚЫРАДЫ. ЖЫЛАН — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ДҮНИЕТАНЫМЫНДА ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІ. 2025 ЖЫЛДАН НЕ КҮТЕМІЗ?**



Қазақстандықтар жыланға тек сақтықпен қарамай, оны киелі санап, құрметтеудің де түрлі себептерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Жылан жылы әр 12 жыл сайын қайталанып келеді. Сондықтан келер жылға болжам жасамас бұрын, жылан жылы ел өміріндегі белгілі бір тарихи оқиғаларға шолу жасайық.

1729 жыл — Аңырақай шайқасы

1729 жыл тарихта қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ірі жеңісімен есте қалды. Аңырақай шайқасы қазақтың бірлігін нығайтып, Жоңғарияға қарсы ұзаққа созылған соғыстың шешуші кезеңі болды. Бұл оқиға Қазақ хандығының біртұтастығын сақтауға маңызды рөл атқарды.

1833 жыл — Исатай мен Махамбеттің көтерілісінің басталуы

1833 жылы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақ халық көтерілісінің күшею жылдарының бірі. Бұл кезеңде қазақ халқы отаршылдық саясатқа және жергілікті биліктің әділетсіздігіне қарсы күресті.

1941 жыл — Ұлы Отан соғысының басталуы

1941 жыл жылан жылы еді. Бұл жыл бүкіл әлем үшін ауыр кезең болды.

Қазақ халқы да Ұлы Отан соғысына аттанып, майдан мен тылда жанқиярлық ерлік көрсетті. Соғыс жылдарында Қазақстан майданды азық-түлікпен және қару-жарақпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

1989 жыл — Желтоқсан оқиғасының ызғары және қайта құру

1989 жылы Кеңес Одағындағы қайта құру кезеңінің маңызды жылы. Бұл кезде Қазақстанда ұлттық жаңғыру, тіл мен мәдениетті сақтап қалуға деген ұмтылыс күшейді. Қоғамдық ұйымдар құрылып, Желтоқсан көтерілісінің, тарихи маңызы айқындала түсті.

1989 жыл - Семей ядролық полигонының жабылуы туралы шешім қабылданды

Бұл – Қазақстандағы ұзақ жылдар бойы жасырын болып келген экологиялық апаттардың құпиясы ашылған – кезең. Қазақстанда алғаш рет азаматтық қозғалыстар мен тәуелсіздікке ұмтылыстың күшейгені байқалды. Желтоқсан көтерілісінің саяси әсері мен жасырын тұстары осы жылдары ашыла бастады.

2001 жыл — Қазақстанның дамуының жаңа кезеңі

2001 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі маңызды экономикалық және саяси реформалардың жүзеге асырылған жылы.

Ел экономикасы тұрақтанып, халықаралық аренада Қазақстанның мұнай-газ саласы қарқынды дамып, сыртқы инвестициялардың көлемі ұлғайды.

Жоғарыдағы тарихи оқиғалар әрбір жылан жылы халықты сабыр мен даналыққа, қиындықтарды жеңуге шақыратын жыл деп есептелгенін көреміз.

2013 жыл – Инновациялар мен мәдени қозғалыстар

2013 жыл Қазақстан "ЭКСПО-2017" көрмесін өткізу құқығын жеңіп алды. "Болашақ" бағдарламасы арқылы шетелде білім алған жастар елге келіп, жаңа идеялар мен өзгерістер енгізе бастады.

Халық жылан жылынан не күтеді?

Сақтық пен төзімділік. Жылан жылын қазақтар аса сақтық қажет ететін жыл деп санайды. Бұл жылда адамдар бір-біріне сабырлы, шыдамды болуы керек. Өйткені аталмыш қасиеттер жыланның символы болып саналады.

Бейбітшілік пен тыныштық уақыты. Жылан жылы табиғаттың тепе-теңдігін сақтайтын, жайлы жылдар қатарында. Мұндай жылда қиындықтар мен үлкен өзгерістер аз болады деп сенеді.

Даналық пен жетілу жылы. Жылан даналық пен ішкі тереңдікке ие жануар ретінде көрініс тапқан. Бұл жылы адамдар білім мен рухани жетілуге көбірек көңіл бөлуі керек деп сенген.

Қазақтардың жыланға қатысты наным-сенімдері

Киелі жануар. Жыланды қазақтар киелі деп есептеген. Оның үйге кіріп келуі жақсылықтың немесе үй иесіне байлықтың белгісі деп түсінген. Жыланға зиян келтіру — жаманшылық шақырады деген наным бар. Үйге кірген жыланның басына ақ құйса, ол бейбіт жолмен адамдарға зиянын тигізбей шығып кетеді деген түсінік қалыптасқан.

Қорғаушы рух ретінде. Кейбір нанымдар бойынша, жылан адамды бәле-жаладан қорғайтын киелі күштің белгісі болған. Жыланның бейнесін ою-өрнекке түсіру арқылы үйге қауіп төнбейді деп сенген.

Жылан шаққан адамның ерекше қабілеті. Қазақтар жылан шаққан адамның өмірі өзгереді деп есептеген. Оған ерекше рухани қасиеттер даруы мүмкін деп сенген.

Жыланның табиғи белгісі. Жыланның суық әрі жұмбақ мінезі оның табиғаттың құпияларын бойында сақтайтынын білдіреді деп сенген. Бұл оның даналығы мен интуициясының белгісі ретінде көрініс тапқан.

Жылан жылын қалай қарсы алу керек?

Бүгінгі таңда Жылан жылы өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктерге дайын болуды меңзейді. Бұл жыл адамға өз өмірін қайта қарап, жаңа жоспарлар құруға мүмкіндік береді.

Жылан жылы қазақ халқы үшін тек жыл қайыру жүйесінің бір бөлігі ғана емес, терең мағыналы кезең. Бұл жыл сабырлық пен ақылмен әрекет етуге шақырады, ал қиындықтардан сабақ алудың және жаңа деңгейге көтерілудің мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Жылан жылы келгенде қазақ халқы үмітпен, сақтықпен және жаңа бастамаларға дайындықпен қарсы алған.

Жылан жылы көбінесе тұрақтылық. үйлесім, даналық пен ішкі тыныштықты алға қояды. Дәстүрлі нанымдарда жылан жылы өздігінен қауіп төндірмейді. Тек адамдарды ойланып әрекет етуге шақырады. Егер сіз жылан жылында жаңа жетістіктер мен рухани өзгерістер күтсеңіз, бұл уақыттың энергиясын дұрыс пайдалану маңызды деп есептеледі.

### ЖЫЛАНДАР ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ 30 ДЕРЕК

1. Жыландар Антарктида, Жаңа Зеландия, Исландия, Ирландия және Атлант мұхитының кейбір кішкентай аралдарынан басқа, барлық жерде мекендейді.

2. Жыландар кесірткеден тараған. Қазіргі күнде тіршілік етіп жүрген кесірткелердің ішіндегі ең жақын туыстары игуана және ұршықсап кесіртке типті кесіркелер болып табылады.

3. Ең ірі жылан – питондар мен анакондалар. Олардың ұзындығы 7 метрден асуы мүмкін. Әлемдегі ең кішкентай жылан – ұзындығы 10 сантиметрден аспайтын Leptotyphlops carlae (лептотифлопс карлае).

4. Әлемдегі ең улы жылан тайпан Маккоя деп есептеледі. Осындай бір жыланнан алынған удың 100 адамды өлтіретіндей күші бар. Оның уы кобраның уынан 180 есе күшті.

5. Жыландардың қабағы мөлдір болады және үнемі жабық тұрады.

6. Жыландар қолайсыз жағдайда ұйқыға кетуі мүмкін.

7. 2017 жылдағы жағдайға сай ғылымда жыландардың 3631 түрі белгілі.

8. Жыландарда қуық жоқ. Несеп жолындағы зәр тікелей қатпаршаққа түседі.

9. Жыландардың бас сүйегінің бірегей құрылымы оларға өзінен әлдеқайда үлкен көлемдегі жемтікті жұтуға мүмкіндік береді.

10. Ең ірі улы жылан – бұл патша кобрасы. Адам осы жыланға жақын келіп қалса, онда ол бұл кобрамен көз деңгейінде теңесіп, қозғалыссыз, оған тыпыршымай қарап тұруы керек деп есептеледі. Сонда бірнеше минуттан кейін кобра адамды зиянсыз нысан деп қабылдап, кетіп қалады.

11. Ғылымға белгілі барлық жыландар – жыртқыштар.

12. Жыландарда танау бар, бірақ олар бұның көмегі арқылы иіс сезе алмайды. Жыландар қоршаған ортадан бөлшектерді жинап, оларды талдауға ауыз қуысына салатын айыр тілінің көмегі арқылы иіс сезеді.

13. Жыландарда сыртқы және ортаңғы құлақ, сондай-ақ құлақ жарғағы жоқ. Бірақ олар тербеліске (вибрация) өте сезімтал. Сондықтан жыландар жер арқылы өтетін дыбыстық толқындарды жақсы қабылдайды.

14. Жылан уы көздің артқы жағындағы арнайы бездер арқылы өндіріледі. Ол негізінен ақуыздар, амин қышқылдары, май қышқылдары мен ферменттерден тұрады.

15. Браминский слепун (Indotyphlops braminus) – тек қана ұрғашылардан құралған жалғыз жылан түрі. Бұл жыланның ұрық жасушалары ұрықтандырусыз дамиды.

16. Жыландардың өсу қарқыны қартайған сайын баяуласа да, олар өлгенге дейін өсе береді.

17. Гиннестің рекордтар кітабына сәйкес, әлемдегі ең жылдам жылан сағатына 16 шақырым жылдамдыққа дейін қозғала алатын қара мамба.

18. Көптеген жылан түрлері адамдар үшін қауіпсіз. Оның үстіне олар егеуқұйрықтар, тышқандар мен құстардың популяциясын бақылай отырып, экожүйеде теңгерімді ұстап тұрады.

19. Ең ұзын улы азу габон гадюкасында. Олардың ұзындығы 40 мм-ден асады.

20. Табиғатта, екі басты жыландар өте сирек емес.

Мұндай жыландар біржұмырқалы егіздердің дамудың бастапқы кезеңінде толықтай бөлінбей қалуына байланысты пайда болады. Мұндай жыландардың жабайы табиғатта ұзақ өмір сүруі сирек. Өйткені, екі бас бір-біріне жиі агрессивті болып келеді және жыланға шабуыл жасаған жағдайда, оларға қай бағытқа қозғалу керектігін шешу қиын.

21. Патша кобрасының аналығы жұмыртқалау үшін ұя салады, бұл әрине басқа жыландарға мүлдем тән емес дүние. Бұдан басқа, олар әрдайым жұмыртқасын қорғайды. Олар жұмыртқалаған кезде өте агрессивті болып, ұяға жақындағандарға шабуылдайды. Сондай-ақ, жұмыртқадағы балалары жарылып шыққанға дейін, аналық кобра ұясын тастап, өз ұрпағын өзі жеп қоймас үшін қорек іздеуге кетеді.

22. Біздің ғаламшарда табылған ең үлкен жылан титанобоа болған. Олар 60 миллион жыл бұрын өмір сүрген. Бұл жыланың ұзындығы 15 метрге жететін және салмағы бір тоннадан асатын.

23. Түрлерге байланысты жыландар 4 жылдан 30 жылға дейін өмір сүреді.

24. Балықтар жылықанды жануарларға қарағанда жылан уын сезбейді, сондықтан теңіз жыланының уы құрлықтағы жыландардікіне қарағанда қатты улы болады. Осыған қарамастан, олардың уы адам үшін қауіпті емес, өйткені теңіз жыландары өте аз мөлшерде у шығарады және өзін қорғау үшін жиі шабуыл жасап, шаға бермейді.

25. Бүйрек немесе ұрпақ жаңғырту ағзалары сияқты жыланның көптеген жұптасқан органдары дененің ішінде шахматты қалыпта орналасқан. Және де олардың біреуі әрдайым екіншісінің алдында тұрады.

26. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, жыл сайын 100 мыңнан астам адам жылан шаққаннан қайтыс болады, және тек Үндістанның өзінде осындай оқиғаның салдарынан 50 мың адам өледі.

27. Көптеген жыландар жұмыртқалау арқылы көбейеді, бірақ олардың кейбір түрлері – жұмыртқалап тірі туатындар және тірі туарлар, бұл көбінесе суық климатқа байланысты болады.

28. Жыландардың ас қорыту ферменттері жемтіктің жүні мен қауырсындарынан және тырнақтарынан басқасының бәрін қорытады.

29. Әлемдегі шамамен 725 түрлі улы жыландардың ішінде тек 250-і адамды бір шаққаннан өлтіре алады.

30. Улы жыландардың уына қарсы препарат жасау үшін, фармацевтер әртүрлі у қоспасын жинап, жылқының денесіне, жануар иммунитеті уға үйренгенге дейін бірте-бірте дозасын көбейту арқылы салады.

Содан кейін иммунитеттендірілген жылқыдан қан үлгілерін алады. Сосын алынған сарысуды бөліп, тазалап және лиофилдейді. Уға қарсы дәрі дайындаудың осы әдісін АҚШ-та, Үндістанда, Оңтүстік Африкада және Австралияда қолданады.

ЖАДЫРА ШАМҰРАТОВА

# ТУМАҒАН НЕМЕРЕ

(әңгіме)

Бір күні жаңа папасы бір жаққа кетті де, үйге келмей қалды. Үш күн, бес күн… оншақты күнге жақындағанда телефон шалды. Ол хабарласқанда әжесі, мамасы үшеуі кешкі тамақ ішіп отырған. Жаңа папасы мен мамасы ұзағырақ сөйлесті. Шешесі сөйлесіп жатып біресе тұрып кетті, біресе келесі бөлмеге барып сөйлесіп, одан қайта келіп отырды.

– Талақ бердім! Талақ! – деп ызбарлана үн қатты телефонның әр жағындағы дауыс.

Бала бұл сөзден селк етті. Ол «талақ» деген сөзді осымен екінші рет естіген еді. Бұл сөздің мағынасын түсінбесе де, осы сөзді жек көретін болған.

– Мені талақ қылғанда алайын деп жатқаның қырықтан асқан әйел екен ғой, – деп ызалана жауап қатқан шешесі.

Жаңа папасы ар жағынан тоқтамайды.

– Болды, жетер!

– Жетер деп қояды, жетер дейтін сен кімсің маған? Қысқасы, үйден кететін бол!

– Өзім білем.

– Білмейсің, балаңды ал да үйді босат!

Бала сол түні шешесінің іштегі қайғысынан тұншығып, жастығын сулап шыққанын сезген. Бірақ қасына барып жұбатуға батылы жетпеді.

*****

Ертеңінде кемпір ұлымен видеоқоңырау шалып сөйлесіп жатты:

– Әй, Айдос, сен бері қара! – деді кемпір ұлы қарсы алдында отырғандай.

– Осы сендер кілең естеріңнен ауысқан шығарсыңдар, жүдә? Ана қатыныңның аяғы ауыр, сен оған талақ дейсің, сонда не болды, ал? Сенің балаң біреуге керек пе? Ол әйел осы күйімен қайда қаңғиды, мына тіркемесі тағы бар, бұл жетімектер кімге керек?

– Мам, сен араласпа. Бәрі Аллаһтың қалауымен шешілетін нәрсе.

Исламның жаңа папасы туған шешесіне де өктем сөйлейтіндей.

– Әй, ақымақ бала, Аллада не шаруаң бар, шамалы ойлансаңшы!

– Мам, бұл сіз араласатын шаруа емес дейм. Бәрібір түсінбейсіз.

Ұлы шешесіне өз діндерінің қағидасына қатысты тағы бірдеңелерді шұбыртып айта бастап еді, онысы құлағын емексітпей, қолымен «қажет емес» дегенді аңғартқан кемпір әңгімені үзіп, көзінің жасын сүртті. Ұлына сөзі өтпейтінін анық білгесін енді келініне шүйлікті.

– Өзің таза ақымақ қатын екенсің! Байың талақ айтты деп енді тағы кетпекшімісің, далбасалап?

– Мен не істей алам, апа ау, ол бизнесі бар үлкен әйелдің қолына кіріп кетіпті ғой, – деп егілді келіні.

– О, қараң қалғырлар! Қартайттыңдар-ау, әбден. Байым талақ қылды деп тағы біреуге өте беретін шығарсың енді, сорлы қатын! Бір тозақтан шығып, екінші тозаққа өз аяғыңмен баратын қандай адамсың!

*****

Талақ айтылғалы да үш ай өтіп кетті. Маңдайынан көктемі ерте сусыған Сайраның тағы бір оты суып, бықсығы басылды. Бағы ойнамалы келіншек белгісіздікке толы тұманды күндеріне тағы қадам басты.

Бұл екі арада үлкендер арасында жаңа келісімдер жасалып, қаншама өзгерістер күтіп тұрғанын, көп ұзамай бұл үйден кететіндерін есейіп қалған бала да түсінген. Баланың ешқайда барғысы келмеген еді…

Ақыры мамасымен еріп тағы бір бөтен үйге келді. Ол үйде ересек екі ұл бар екен, олар Исламды келген бетте қағып-түйіп, шеттете берді.

Оңашада ұнатпайтындықтарын ашық көрсететін.

Кейде тапсырғанды ұқсатпай қалса мамасының жаңа күйеуі оған «Иттің күшігі» деп тістеніп кіжінетін. «Бұл иттің күшігінің әкесі қайбір оңған адам дейсің?»

Жапанда жалғыз қалғандай күйдегі балаға бұл үй де, қабағы қатыңқы адамдары да ұнамайтын. Баланың жанарындағы мұң сейілмеді. Кіп-кішкентай болып іш еті ауырып, есеймей жатып ең мықты тегершігі сынып қалғаннан да қиналыстың не екенін білетін баланың жанында түнек орнап келе жатқанын, оны тездетіп емдемесе, о бастағы таза жаратылыстың мүлдем өзгеріп кетерін аңдайтын да ешкім жоқ еді маңда. Кейде бала жәбірленіп, қыстығып жылап, шешесіне «бұл үйден кетейік» дейтін, сондайда мамасы оны: «олар сенің ағаларың ғой, ештеңе етпейді, әлі-ақ үйреніп кетесіңдер», – деп жұбататын. Ол осы сөзімен мейір тілеген бала жанына жалау болып, ұлының тоңып жүрген кішкентай жүрегін жылытудың орнына, оны өзінен алыстата бастағанын ойлап жатпайтын. Өйткені, «осы жолы келген жағыма қалайда сіңіп кетуім керек, әйтпесе жалғыз әйел, жетім баламен қайда барып, қалай күнелтем» деген үрейі мен жанталасы, жалғыз қалудан қорыққаны келіншекті тым көнбіс те көнтерілі қылып жіберген. Кейде адамға есейген сайын, уақыт өткен сайын ақыл кіріп, сол кезде адам өзінен-өзі салиқалы мінезге билетіп, өткен жолында тасқа тиіп жараланған маңдайдың тыртығын ұмытпағаннан да бірдеңе түйіп, тіпті даналыққа да жетуі мүмкін, бірақ кейде ақылдың ілеспей, тек жасыңа жас қосыла беретіні де бар, ештеңені болжау мүмкін емес.

Сайра да уақыт өткен сайын өмірден түйгенін кеңірек саралаудың орнына алдағы күніне сенбегеннен, өзіне деген сенімсіздіктен шығып жатқан үрейіне жеңдіріп, өзіне шақ көрген тар шеңберге ғана қамала берді.

Содан да есік жаңартқан жеріне, жаңа күйеуі мен оның екі ұлына ұнауға тырысып, ал өз баласына көңіл бөлуге мұршасы бола бермейтін.

Жауын ұрған жапырақтай сөлбірейіп, қалқан құлағы көрініп, кішкентай жүрегіне тікен қадалған қара бала жүдей берді. Ол мамасын жақсы көретін, мамасын көрмеуге шыдамайтын, бірақ, мына үйде де қалғысы келмейтін. Оған жүзі суықтау болса да, бұны айналып-толғанып жатпаса да әжесінің қасы жақсырақ, жайлырақ болып көріне береді. Күндіз кеудесі шұрқ-тесік күйде жүретін бала түсінде көгілдір аспан астында жалаңаяқ билеп, кейде машинамен де жарысатын. Жарысып отыратын да әжесіне жететін. Оның әжесіне барғысы келетін.

*****

Екіқабат шешесінің ауруханаға жатуы жиілеген сайын Исламның күйі де қаша берді.

Өгей әкесінің қабағынан жасқанып, оның ересек ұлдарының әлімжеттігінен зәрезап болған баланың тезірек осы үйден, мына қаладан қарасын батырып, әжесіне құстай ұшып жеткісі келетін. Бала көңіл «кәрі адам бұны қалай қарсы алады, тіпті қарсы ала ма» дегенді де ойлап жатпайтын. Қарағандыдан Астанаға баратын такси ақысының қанша сома екенін де біліп алған бала енді жатса-тұрса «жолға ақша тапсам» дегенді ойлаумен болды.

Үй астындағы шағын дүкенге келіп, «жұмыс істейін деп едім» дегенде қолындағы телефонға кіріп кетейін деп отырған жас келіншек ләм-мимсіз отыра берген, тек бір кезде барып, құлағы қалқиып сөлбірейген күйі өзінен әлі де бір жауап күтіп тұрған селеу шаш балаға назар аударған:

– Кішкентай балаларды жұмысқа алмаймыз, ол үшін бізді жауапқа тартады.

– Мен кішкентай емеспін, қоқыс төге алам, еден де жуам…

– Балмұздақ жейсің бе? Жас келіншек мейірленген кейіппен балмұздақтың сөресіне қол созды.

– Жоқ, рахмет, апай, балмұздақ жемейм, жұмыс іздеп едім… Баланың даусы жуаси шықты.

– Өзім әперем, жесейші, әлде… мармелад берейін бе?

– Жо-оқ. Қажет емес. Мен тек жұмыс болса деп… – бала есікке беттеді.

– Қарай гөр, балмұздақ жемейм дейді, жігіт болған түрін! Сенен үлкендер жұмыс таппай жүргенде… Сен бүйтсейші, бала, көлік жуатын жерді білесің ғой, соған бар, ол жерде машинаның фарын сүртсең де… сен ұялмай сұрап көр әуелі. Өзің ұялшақ екенсің. Бар да, жұмыс істейін деп едім де. Бургер алып жеймін де.

Теңдесі жоқ керемет ақыл берген адамның түрімен келіншек қайтадан телефонына үңілді.

Бала шынымен де ұялшақ еді. Бірақ, «өзіне, жанына суық үйден кетсем екен, әжеме барсам екен» деген бір тілегі оны дедектетіп май құю бекетіне әкелген. Ол жасқаншақтай бір көлікке жақындады.

«Ағай, фарыңызды тазалап сүртіп берейінші, – деді. Оның даусын естіген-естімегені белгісіз, иегіне сақал қойған ер адам бұрылып та қарамады.

Ол тағы бір көлікке жақындады. «Жолға тұрма, ей бала, қағып кетіп, пәле боларсың. Былай шық деймˮ.

Айналсоқтап жүрген балаға кепкасын басып киген бір жігіт жақындады.

– Неғып жүрген баласың?

– Жұмыс істейін деп…

– Не істей аласың?

– Машинаның фарын…

– Бұрын жуып көріп пе едің?

– Жоқ…

– Бәсе… жігіт езу тартты. Қолыңда не шүберек жоқ, не басқа жоқ… жүр бері…

Ол баланың қолына керек-жарағын ұстатты.

– Ал әуелі мына біздің терезені жуып көрші, қолыңнан келе ме екен? Егер жақсылап тазарта алсаң, жұмысқа алам.

Аласалау будканың шағын терезесі жаңбырдан кейін топырақ қарсы алдынан тіке борағандай қарауытып көрінеді.

Бала оның бетіне қарады. «Тазалай алам, тек шын айтып тұр ма?» Ағай алдап тұрмаған сияқты.

Ол шүберекке кір сабын жағып, әуелі терезені бір айғыздап алды, жиектерін ысқылап жіберуді де ұмытпады. Одан кейін шүберекті суға шайқап алған күйі қайта сүртті. Ерегескендей сабынды іздің үстінен шүберекпен жүріп өткен сайын терезе айғыздала берді. «Дұрыс жуа алмасам жұмысқа алмай қояр» деп ойлаған бала, терезенің айғыздалған тұсын күртесінің жеңімен сүрте бастап еді, терезе тазарып, кірі ашылып, тегіс жарқырай түскендей болды.

– Ей, болды, жетеді, жеңімен сүрткені несі?

Жігіт күлген күйі басын шайқады.

– Онсыз да жақсы тазалайды екенсің. Ұқыпты екенсің өзің! Жарайсың!

Бала жарқыраған терезеге қарап, өзінің ісіне сүйсініп, жігіттің сөзінен қабағы жазыла берді.

Бір кезде тағы бір көлікке бензин толтырған жігіт бұны қол бұлғап шақырды. Бала жүгіріп жетті.

– Кел, міне, фарын тазалап жіберші. Сосын көліктің иесіне бұрылып:

– Ағасы, баланың еңбегін бағаларсыз, – деді де жігіт ішке кіріп кетті.

Бала жұмысын жанын салып істеп жатты. Көлік иесі қолына тиындармен 200 теңге ұстатқанда көзі жайнап, ішінен қуанып тұрды. Ол осылай кешке дейін тағы екі көліктің фарын жалтыратып сүртіп берді. Ағайлардың бірі «майда ақша жоқ, каспийің бар ма?» деді.

Балада «каспий» жоқ еді. Ал екіншісі тиын-тебен емес, жап-жаңа 500 теңге ұстатты. Бала оны алар-алмасын білмей тосылып қалды.

– Ал, ал, осындай жұмыс істеп жүрген баладан айналмайсың ба? Тек сабағыңнан қалма, – деді бөтен ағай.

Бала ертеңінде тағы келді. Бұл күні кешегі жігіттің орнында атқа шабатын шабандоз секілді киінген келіншек тұр екен, ол бұны қасынан қумады, назар да аудармады. Кешегідей емес, көліктерге жақындап барып, қызметін ұсынуға да бойы үйрене бастады. Кейбіреуі «керек емес» деп қысқа қайырады, тек біреуі ғана «машинамды түгел тазалап бересің бе?» деп сұрады. «Тазалаймын» деп елп етті бала. Бұрын-сонды мұндай үлкен шаруа атқарып көрмесе де, қолынан келгенше тырысып жатты. Көлік иесі оның әр ісін бағып тұрғандай, осыдан бірдеңені дұрыс істемесе жекіп тастайтындай көрініп, бала қара терге түсіп жүріп қимылдап, өзінің үстін де әбден бүлдірді.

– Ай, жарайсың! Жігіт екенсің! Атың кім?

– Ислам, – деді ол ұялшақ баланың әдетімен төмен қарап.

– Нешедесің?

– Жетіге толам.

– Өй, сен әлі мектепке де бармағанбысың? Бойың ұзындау болғанға…

– Биыл барам ғой.

– Жарайды, Ислам, енді айта қойшы, сенің жұмыс істеп жүргеніңді мамаң біле ме?

– Жоқ…

Ол айтсам ба, айтпасам ба деп ойланып қалды да,

– Мамам бәлнесте, бөпе әкеледі, – деп жауап берді.

– А-а, түсінікті. Әкең ше?

– Әкем…

Бала тағы кідіріп қалды. Ол өгей әкесін әкем дегенге әлі үйрене алмаған еді. Ал көлік иесі бұны өзінше түсінген.

– Жарайды, Ислам, өзің еңбекқор жігіт болады екенсің, мінеки, еңбегің!

Ол баланың қолына қағаз ақшаны қыстырды да, өзі тездетіп көлігіне отырып, бұған қол бұлғады.

Бала қолына қарап еді, көкшіл бояулы ақша алақанын қыздырып бара жатқандай болды. Ішегін тартты: он мың! Баланың қуанғаны сондай, сол тұрған күйінде билегісі келді. Ол көп ұзамай әжесіне баратынын білді. Соны ойлағанда жүзі күлімдеп қоя берді.

*****

– Бала, сен жалғыз жүрмісің? Ата-анаң қайда? – дегенде бала өзінен-өзі тығылып қалғандай болды да, бір кезде:

– Билетке ақшам бар, міне, – деп ұшып түрегеліп, қолындағы ақшасын такси жүргізушісіне ұстата берді.

Жүргізуші ақшаны алды да, балаға қайта көз салды.

– Сен Астанаға жалғыз барамысың? Күтіп алатын біреу бар ма? –дегенде баланың жанары тап қазір жылап жіберетіндей болып жәудіреп тұр екен.

– Иә, күтіп алады, – деді бала сендіре сөйлеп. – Мені әжем вокзал жанынан күтіп алам деді.

Қарағанды мен Астана арасы соншама алыс болмаса да, балаға бұлардың көлігінің жүрісі мандымай, тым ұзақ жүргендей көрінді. Әйтеуір астанасы бар болғыр жеткізіп болмады.

Баланың ішін кеулеген тымырсық уайымы бар еді, сонысы ішін тоңдырғандай болып, сырғыма күннің шуағы молайып, көлік ішін қыздырса да бойы бір жылынбай қойды.

Ол әжесін, әжесінің екі бөлмелі пәтерін, әжесі екеуі шығып ауа жұтатын ауланы түгел көз алдына әкелді.

«Бұны көргенде әжесі қайтер екен?» Бала шешесі екеуі әжесінің үйінен біржола кетер алдындағы оқиғаны ойында қайтадан аударып-төңкергенде, сол көріністен ішін бірдеңе жылытып, әжесінің бейнесі де жарқырап жақындай түсетіндей.

Сонда ғой, шай үстінде қатуланып алған әжесі жүзіне бір үлкен тәуекелге тоқтаған сағым орнығып тұнған күйі бұның мамасына:

– Қарағым, келін, мен сендердің тірліктеріңді түсінбеймін. Сендерге қосылу да оңай, «талақ» деп кете беру де оңай… Ана ессіз ұл да көзіме көрінер емес. Саған «үйден кет» деп зіркілдеп жатқанын естідім. Не дейін? Не істей алам оған? Қала алсаң, байың қалдырса осында отыра бер, осы үйдің ақы иесі өзім, маңдай терімді сығып жүріп алған баспанам, ешкімнің шатағы жоқ, сиямыз, ал енді «кет те кет» деп дігірлеп қуаласа, амалың жоқ… Бірақ, мына баланы… төркіңіңде қызың тағы бар екен, оның бәрімен қайда сиясың? Ішіңдегіні де бірдеңе қылып өзің бағарсың, оныңды баламдыкы десем де омыраудағы баланы баға да алмаймын ғой. Ал мына бала осында қалады, әрі-бері сүйремеңдер! – деген.

Әжесі тап осылай деп Исламның басынан сипаған. Ислам бала болса да кәрі адамның айтқанының бәрін түсінген сонда. Түсінгені ғой, тап сол сәтте іші біртүрлі өзінен-өзі бүлкілдеп, арқа-басы терлеп, беті ысығандай болған. Бұл оның әжесі қасыма алып қалам дегеніне қуанғаны ма, «әжем мені жақсы көреді екен ғой» деп толқығаны ма, әлде әжесі алып қалса, шешесінен көз жазып қалармын деген қорқынышы ма, оны тап сол сәтте өзі де айыра алмаған.

Сонда мамасы басын төмен салып:

– Жоқ, апа, Ислам келер жылы мектепке барады, сабағы бар, әрі оны сізге бермейді, ол сізге ешкім емес қой, туған немереңіз болмағасын… деген.

– Сен өзің барған жағыңа қалай сиятыныңды ойласайшы, бәтшағар!

«Сонда әжесі бұны неге алып қалмақшы болды екен, соған қарағанда Исламды жақсы көретін болып тұр ғой» деп ойлаған бала өзі үшін ұмытылмас оқиға көрінетін осы сәтті есіне алған сайын, «сол кезде әжемнің қасында қалуым керек еді» дегенді әредік ойлап қойса да, бірақ, мамасы ше, мамасын сағынады ғой, мамасы да бұнсыз қалай жүреді!» – деген ойдан шешесін де қимаған кішкентай жүрегі біртүрлі тоңып та кететін.

Енді, міне, мамасына айтпай әжесіне кетіп қалғанын көрмеймісің… Мамасын ойлағанда біртүрлі жылағысы келді оның.

Әншейінде кісіге көңілі біте бермейтін таксист айнадан балаға біртүрлі жылыұшырай қарап қояды.

Жүдеу жүзді қара баланың жүзінде мұң бардай көріне берді.

Астананың ескі вокзалына келіп тоқтап, жолаушылардың бәрі түсіп жатқанда бала да көліктен түсті. Бірақ, оны күтіп алған ешкім жоғын таксист байқап тұрды. Бала екі қолын қалтасына салып вокзалға қарай беттеп барады.

– Сен бала, бері келші, – деп қолымен шақырды осы кезде таксист. Бала оған жасқаншақтай жақындады.

– Жүрші, екеуміз бір жерге барайық.

«Бала үлкендерсіз жалғыз жүр деп полицияға апармақшы ма бұны?» деген ой баланың іші-басын қарып кетті.

– Қорықпа, шай ішеміз, шыққалы ештеңе татқамыз жоқ қой.

Таксист баланы ертіп, шайханаға кірді.

– Ала ғой. Іш, же. Ұзақ жол жүрдік, қысылмай ауқаттанып ал, мен де сөйтейін, Қарағандыға кері жүруім керек қой. Кәне, беләш жеймісің?

Баланың қарны ашып қалған екен, шелпекті бұралақтап соғып, сорпасы мол кеспені тауысып ішті, картоп езбесін де бір қасық қалдырмастан жеп алды.

– Ал енді айта қой, сенің Астанаға кеткеніңді үйдегілер біле ме?

Осы кезде баланың құлағына дейін қызарып, лезде түйдектеліп шыққан төрт бес тамшы жас столға тамып кетті.

– Өй, не болды саған? Әжеңді қатты сағынған сияқтысың ғой өзің. Жә, адресін білесің бе?

– Білем, – деді бала.

Оның айтқан мекен-жайы осы маңнан қашық емес еді.

– Онда болды, неғып отырмыз?

*****

Сөйтіп, қазанның алғашқы қылауы түскен мезгілде, кешқұрым көз жетер жерге дейін тартылған қызғылт-сары бояудың қаланың мың жарқырауығымен жағаласып, көкжиекке тірелмеген күйі аспанмен араласып кеткен шағында бала әжесінің пәтерін іздеп келді.

Есікті ашқан кемпір әуелі таңғалып тұрып қалды да, келе бір шөліркеген мейір іздеп, бұның кеудесіне тұмсығын тығып жіберген баланың жанарына көзі түскенде көз құйрығы суланған күйі ол да балаға құшағын ашқан. Тағдыры қатайтып жібергені болмаса, кемпір задында жүрегі қатты емес еді, кәрі адам қарсы алдындағы жұдырықтай баланың қанаты талып оралған құстай болып, жүрегі бүлкынып қатты тулап тұрған күйін таныған.

Сол күні әжесі кішкентай Исламның алдына бар тәтті-дәмдісін қойып жатып. «Мамаң аман-сау ма?» деп жалғыз сұрақ тастады. «Мамам бәлністе, бөпе әкеледі» – дегеннен өзге бала ештеңе айтпады. Барған үйлеріндегі адамдар жайлы, өзін жәбірлейтін адамдар туралы айтқысы келмеген еді оның. Әжесі де артық ештеңе сұрамады.

Сол күні әжесі алғаш рет атын атады.

– Ислам, ау, Исламжан, кел, төсегіңді қасыма салдым. Келе ғой, балам.

Кемпір мен бала ұйқыға жатты.

«Байғұс баланың не жазығы бар?» деп ойлады. Шешесі талақ болып, одан қайта байға тиген сайын артында осылай сүметіліп жүре бере ме? Оны кім жақсы көреді? Осында келгелі Айдостың да бір рет болсын өгей әкесі болса да, бала ғой деп маңдайынан сипап, жылы сөзін айтқанын көрген емес. Өзі жақсы бала, «әже, әжелеп»… бұны өзі іздеп келгенін көрмеймісің…

Сосын қайтадан өз жайын ойлап кетті.

«Бай қатынның қолына кіріпті дейді, осы кеткені кеткен шығар дейді ұлын.

Бұл болса қартайып келеді, ол соны ойлады ма екен? Күйеуі ерте қайтқанда да қызық көксеп, бақыт аңсайтын мұршасы болмай, осы жалғыз баланы жеткізсем деп тыным көрмеген. Жұмыстың соңында жүріп баласының тәрбиесіне мән бермей қалды ма деп өзін кінәлайды.

Ұлының тірлігі о бастан ұнамаған өзіне. Елдің баласы құсап бітірген оқуы бойынша жұмыс істемей, бір діни ұйымға тап болды, уағында жұрт алдында беделді болғаны не керек, өз баласына сөзі өтпеді. Және бұлар ақыл тыңдай ма, өз білгендерімен дана… Кемпір күрсінді. «Жалғыздық деген ешкімнен кем қылмай өсірген баланың құлшылығың жоқ деп жатсынып, сапситып сақал қойып, кісі болып ақыл айтып, ақыры бөлек кеткені ме, әлде басқа ма?» дегенді ойлағанда көмейіне келіп төрттағандап жатып алатын өксігін тежегісі келмей емін-еркін жылағысы келген, тек қасындағы баланы шошытып алмайын деді. Балаға қарап еді, тәмпіш танауы пыс-пыс етіп алаңсыз ұйықтап жатыр екен.

Кемпір аяқ астынан еріген мыңжылдық мұздықтай ағыл-тегіл болып, іші-бауыры елжіреп жақсы көріп, ұйықтап жатқан баланың маңдайынан сипады. Осы кеште тумаса да, қаны бөтен болса да, бала оған бәрінен жақын әрі сүйкімдірек болып көрінді.

Қаны көтерілді ме, шекесі қыса бергесін тұрып дәрі ішіп келді. Жатқаны сол еді, манағы ойлары қайтадан төңіректеді.

«Бұлар неге неке дегенді осынша мәнсіздендіріп жіберді? Еркек үшін әйел заты жұмбақ болып, әйел үшін еркектің орны биік болуы тиіс еді, еркек өзін кімнің қасында ең мықты қорған, нағыз еркек сезінсе, соның қасында қалып, ғұмырын бірге өткізіп, әйел кімнің қасында өзін нәзік те сүйікті, керек сезінсе соның етегінен ұстамай ма?

Ал мына бүгін алып, ертең талақ қылып жатқандар бұл заңдылықты неге бұзды? Мына бала қайбір жетіскенннен келді дейсің? Әй, сормаңдай Сайра, бағың ашылмайын десе, қалай қылайын… мен де арғы тегі әйелмін ғой, мен де сені түсінгім келеді ау…кез келген әйелдің ер адамға арқа сүйегісі келеді, бірақ, қалай ғана көзсіз таңдау жасайсың? «Талақ» деген сөзге бола бүкіл өміріңді астын үстіне шығарудың, «жалғыз жүрген күнә болады» деп басқа біреуге тие салудың керегі де жоқ еді ғой. Соған миың жетіп, ақыл кіруі үшін қырықтан әлде елуден асуың керек пе? Енді бір оншақты жылдан соң өмірді көріп, танып, жылап және жұбанып, өзіңе өзің келгенде бәрі кеш болмай ма? Әйелдің әлдекімдер өз қанағаты үшін ойлап тапқан ережелер арқылы емес, өзінің жанының қалауымен махаббатты сезініп, өзінің сүйгеніне ғана адалдық таныта алатын бақытқа лайықпын деп есептейтін кезге сен қашан жетер екенсің?»

Баланың өзін іздеп келгені кемпірді өзгертіп жіберген. Ол баланы ешқайда жібергісі келмеді. Өзінің мойнына осындай міндет алғаны дұрыс бола ма, қате бола ма дегенді кемпірдің ойлағысы келмеді.

Өзі де кәрі сүйегі кеміс тартып, болдырып жүрген адам болса да, баланы бұдан әрі бөтен үйге жаутаңдатып қойғысы келмеген. Күн оздырмай бұрынғы келінінің үйіне барып, бетпе-бет сөйлесті.

– Сайра, сен бұл баланы әрі-бері сүйреме. Маған қалдыр. Тірі болсам, өлтірмеспін, – деді.

«Уәдем – ақыретім» дегенді айтпаса да, кәрі адамның бір тәуекелге мойын беріп тұрғаны анық еді.

Сайраның бұрынғы енесіне өкпесі жоқ, үйден кетпе дегенде де, баланды қаңғытпа дегендегі әр сөзі жанына тисе де о баста «жоқ, кетпеймін» дегенді өзінің айта алмағанын біледі. Өйткені «сестралары» мен «бауырлары» өзін жайына қалдырмасына көзі жететін, миына жастай кіріп, қауашағының қыртыс-қыртысын жайлаған діни шарттардан өзі де қорғанар шамасы жоқ келіншек «балам бар ғой» деп жұбанып мият тауып, соларды жеткізерлік мұрат табар қайратқа әлі жетпеген де еді. Балалы әйелдің келген жеріне сүйкімі аз, ұлының осында келгелі сүтке тиген күшіктей болып жүргенін өзі де білетін Сайра кемпірдің шешіміне келісті. Ол Исламның әжесіне бауыр басқанын, жақсы көретін білетін. Кемпірдің де оған ықыласты бола түскенін анық аңғарған.

Уақыт өтіп жатты. Әжесіне келгелі жанына жаз орнағандай болған бала да ашыла түскен. Жайраң мінез тапқан.

– Әже, сен осы көйлекті кигенде әдемісің. Осыны киіп жүрші.

– Әже, дүкеннен айран әкелейін бе?

– Әже, тағы ауырып қалғанбысың, дәрі ішесің бе?

– Әже, сен көретін сериал басталды, – деп айналып-үйіріліп жанынан шықпайды.

Кемпір жанында ұйықтап жатқан баланың жастығын түзеп, бетінен сүйді. Бала оның бауырына тығыла берді.

Бала келгелі құса мен жалғыздықтың түнегі әрі қаша түскен. Осы кезге дейін талайды көрді ғой, адам-шіркін бүгін өліп-өшіп жақсы көріп жатады, ертең жек көріп кетуі мүмкін, адамнан өткен тұрақсыз жоқ шығар. Кейде біреудің сені соншама жақсы көретінін сезініп жымиып ұйықтап кетуің де, сосын ертеңінде дәл сол адамның нағыз сатқын екеніне көзің жетіп, ішің удай ашып оянуың да мүмкін. Ал, қара баласы ондай емес. Ол әжесінің қабағына қарайтын, оған көңіл бөлуге уақыт табатын, ешуақытта «бос емеспін» дегенді айтпайтын елгезек болып өсіп келеді. Мына әлемде ешкімге керексіз болып қалудан қорқатын екеуіне де бір-бірінен басқа ешкімге керек емес еді. Кемпір кейде «осы бала не деген сезімтал» деген сұрақты өзіне-өзі қоятыны бар.

Өзінің бұрынғыдан сабырлы бола түскенін, әлденеге көңілі жайлана түскенін де байқады. Жанында салқын сабыр, кең сенім бар. Кемпірдің ертеңгі өмірді бұдан жақсырақ сүргісі келеді. Мына бала үшін.

Өмірінің көбі кетіп, азы қалғанда жанында қалатыны – өзінің бір кезде сыйлаған және қабыл алған мейірімі екенін кемпір түсінген. Келесі жаққа алып өтері де сол. Бұл өзінің соңына мейірімнен басқа ештеңе қалдыра алмайды екен. Және оған керек адам айдалада емес, дәл жанында, ол осы қара баласы, Исламжаны.

Бастан дәурені бұлтша көшкенде кім-кімің де не боларын біле алмас.

Жалғыздық – мойындатпай қоймайтын қатал шындық. Оны көбі жасырып, үстінен бірдеңемен көлегейлеп, көрсеткісі келмейді. Өзінің жалғыз екенін қабылдағысы келмей, жалғыз еместігін дәлелдеумен жанталасып жүргендерді көрген сайын кемпір өзімен салыстырады.

Баяғы сұрағына ақыры жауап тапты.

Егер бұл қайтыс болып кетіп, денесін мүрдеханадан алатын ешкім болмаса, міне, нағыз жалғыздық сол болар еді, ал қасында Исламжаны барда, бұл жалғыз емес.

Тек мейірімді жүректер ғана бір-бірінен бас тартпайды…

**Соңы**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1626
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

# «АТЫМТАЙ» АҒАНЫҢ АУДАНҒА КЕЗЕКТІ ТАРТУЫ

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫНДА ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ ШАРА ӨТТІ. «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ЖЕРЛЕСІМІЗ, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, ТАЛҒАТ САЛФИКОВТЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ.**



Ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп, өңірдің дамуына зор үлес қосып жүрген азамат Талғат Салфиковқа алғысын білдірді. Жиналған қауым ғимараттың қызыл лентасын қимастан бұрын арда ақсақал Тыныштыбай Шалабаевтың батасын алды.

Қызыл лента қиылған соң қонақтар жаңа ғимаратты аралауға кірісті.

Кірер тұста ұлттық астан дәм татты.

Ән де айтылды, күмбірлетіп күйде тартылды. Келген әрбір мейман ғимаратқа өзіндік сыйларын тартып жатты. Облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Самғат Артығалин осындай аталмыш күні аудандарымызда жастармен жұмыс жасап жүрген мамандарды марапаттады.

Осы ғимараттың бой көтеріне себепкер болған Талғат Салфиковқа жастар өз алғыстары ретінде иығына шапан жауып, ұлттық домбырамызды сыйға тартты. Жиналған қауым мәз-майрам болып, естелік суретке түсті.

Өңір жастарының өркендеуіне жол ашатын бұл ғимарат заманауи талаптарға сай, жұмыс жасауға қажетті барлық қолайлылыққа ие. Ол жастардың рухани дамуының орталығы ғана емес, сонымен қатар білім беру, дағдарысты басқару, жобалық менеджмент және басқа да бағдарламаларды меңгеру үшін алғашқы қадам болмақ. Бұл аудан жастарының өз таланттарын шыңдап, дамуына зор мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, жастардың басқа мәселелерге аландамай, тек жұмыстануы үшін арналған.

Бұл орталықтың ашылуы – Ойыл ауданы жастары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды бір қадам.

Мұндай игі істер жергілікті тұрғындардың қолдауымен жүзеге асып, туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісіне айналуда.

**Әділет ШАБАЙ, Ойыл селосы.**

# САЛТАНАТТЫҢ ТІЛЕГІ

**АУДАНДА БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ 29 НАУРЫЗЫНДА КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ ОРЫН АЛЫП, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНҒАН БОЛАТЫН. ОСЫНДАЙ СӘТТЕ ЖҮРЕГІ ЕЛ ДЕП СОҚҚАН ЖЫРАҚТАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ АЛҒАШҚЫ БОЛЫП ҚОЛҰШЫН СОЗУҒА АСЫҚТЫ. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА БҮГІНДЕ ЖЕКЕ КӘСІПКЕР, ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «САЛТАНАТ» БУТИКТЕРІНІҢ ИЕСІ САЛТАНАТ ШАХМЕТОВА БАР. ЖЕРЛЕСІМІЗ ОЙЫЛ ОРЫС МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕГІ.**

Салтанат Шахметова көктемгі су тасқыны кезінде қиындыққа тап болғандарға демеу болып, қолдау көрсетті. Жамбыл облысы тұрғындарынан 14 газель «Ақтөбеге көмек» акциясы аясында Ақтөбе, Ойыл тұрғындарына гуманитарлық көмек жіберілді. Тұрмысқа күнделікті қажетті заттардан бастап, азық-түлік, таза киім-кешек жолдады. Және Салтанат сол уақытта Ойылға келіп өз отбасы атынан 1 миллион 200 мың теңге қаржысын зардап шеккен Екпетал, Жаңабаз тұрғындарына үлестіріп, тағы бір жүк көлігі толған киім-кешек, жаюлар мен көрпе-тесектерді таратты. Біз Салтанат ханыммен арнайы тілдескенімізде, «Алдымен ақ ниетімен көмектескен киелі Әулие Ата жері, жамбылдық тұрғындарға, жанашыр достарыма, кәсіпкер аға-апаларымызға, тараздық блогерлерге туған жеріме қиын кезде көмек қолын созғаны үшін алғысым шексіз! Қазақтың күші бірлікте! Өткен аптада әкімдіктен шақырту алып, Ойылға келіп, ел алғысына бөленіп, марапат иеленіп, халықтың құрметін көріп, марқайып, мерейім тасып тұр. Бүгінгі марапат Жамбыл облысының тұрғындарының ауызбіршілігінің белгісі. Ойылдық жерлестеріме жылы қабылдауына шексіз ризалығымды білдіремін, мың алғыс сіздерге! Туған жердің жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша Ойыл тұрғындарына Жаңа жылда әр шаңыраққа амандық, ырыс-береке тілеймін. Үміттерің ақталып, тілектеріңіз орындалсын! -, деген тілегін жолдады.

***P.S СӘРСЕНБІ КҮНІ ӨТКЕН ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШАРАСЫНА АРНАЙЫ КЕЛГЕН САЛТАНАТ ШАХМЕТОВА «ЖОМАРТ ЖҮРЕК» НОМИНАЦИЯСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ АЛУШЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚТАР ӘКЕЛІП, ТАБЫСТАДЫ.***

**Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.**



# Құттықтау

**ҚҰРМЕТТІ СЕМБАЙ БАКТЫБАЙҰЛЫ! ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**



Ойыл үшін ойдағысын аямай,
Халық үшін қолдағысын аямай.
Еңбек еткен біздің Сембай, елі үшін
Қажыр-күшін мол жұмсаған толағай!

Бақтыбаевич- жүрді көштің басында,
Берілмеді ешқашан да ашуға
СЭС бөлімін алға сүйреп келдіңіз
Біз де келдік жырдан шашу шашуға.

39 жыл толыпты, ерен іс,
Азаматқа тек тәуекел керек іс.
Зейнет шығып жатқан Сізге бұл күнде
Денсаулық пен Біз тілейміз терең күш

85-тен бері қарай еңбек қып
Сіз келесіз айналаңды дүрмек қып.
Ең Мықты адам – тәжірибелі маман ғой
Сізден алған үлгі-өнеге бізге көп!

Бір ұл, бір қыз өсірдіңіз, осы күн,
Ұл мен қыздың өсірдіңіз озығын.
Келер күні келін әкеп балаңыз,
Жарыңызбен бір көріңіз қызығын!

**Ізгі тілекпен: Ойыл аудандық СЭБ басқармасы ұжымы**

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛУҒА ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

**ЕНДІ ЖЕКЕ ҮЙЛЕР МЕН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НЫСАНДАРЫНЫҢ ИЕЛЕРІ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН ТҮРДЕ АЛА АЛАДЫ. ҚЫЗМЕТ «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНА ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ТЕГІН ҰСЫНЫЛАДЫ.**

Газға қосылуға арналған техникалық шарттар — бұл объектінің газ тарату жүйесіне қосу мүмкіндігін растайтын ресми құжат.

Қызметті мүлік иесі пайдалана алады. Ол үшін пайдаланушы қосымшада көрсетілген барлық міндетті өрістерді толтырып, мүлікке тіркелген құқықтар туралы мәліметтерді растауы қажет.

**ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН:**

- eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өтуі қажет және «Қызметтер» бөліміне өтіп, «Жылжымайтын мүлік және ТКШ» - «Газ тарату желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру» батырмасын басу керек;
- газбен жабдықтау объектісінің түрін көрсету және жылжымайтын мүлік объектісін таңдау қажет;
- объектінің техникалық паспортын тіркеу керек;
- техникалық шарттың түрін, газбен жабдықтау жүйелеріне қосылу себебін және газ шығынын көрсетуі қажет;
- газ жабдығының түрін таңдап, қосу, санын көрсетіп және «Жалғастыру» батырмасын басу керек;
- өтінімге Face ID/Touch ID арқылы қол қою қажет.

Өтінім дұрыс толтырылған жағдайда, қызмет көрсету нәтижесінде техникалық шарттар беріледі, оларды газ тарату ұйымы – «QazaqGaz Aimaq» АҚ ұсынады, немесе негізделген бас тарту шешімі шығарылады.

Табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес техникалық шарттарды беруден бас тартуға келесі жағдайларда жол беріледі:

- реттелетін қызметтің талап етілетін көлемін ұсыну үшін қажетті бос және қолжетімді қуаттар, сыйымдылықтар, «QazaqGaz Aimaq» АҚ желілерінің орындары, өткізу қабілеттері болмаған жағдайда;
- «QazaqGaz Aimaq» АҚ желілері немесе реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті өзге де мүлік болмаған жағдайда.

Қызмет көрсету мерзімі объектінің күрделілігіне байланысты: техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін 5 жұмыс күні, күрделі объектілер үшін 10 жұмыс күні.

Жаңа функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Энергетика министрлігімен және «QazaqGaz Aimaq» АҚ бірлесіп іске асырылды.

**Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**



# ЖАҢА ЖЫЛ – ЕРЕКШЕ ҚУАНЫШ ПЕН СИҚЫРҒА ТОЛЫ МЕРЕКЕ

Жаңа жыл – балалар үшін ең қуанышты әрі ғажайып мерекелердің бірі. Әр бала бұл күнді асыға күтеді, себебі ол тек сиқыр мен шаттықтың емес, сондай-ақ жаңа армандар мен жарқын болашаққа үміттің мерекесі.

27 желтоқсан күні Ойыл ауданында жыл сайынғы дәстүр бойынша аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында ерекше балаларға арналған аудандық шырша өткізілді. Шараға көп балалы, мүмкіндігі шектеулі және үздік оқитын балалар қатысты.

Мерекелік шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, балаларды мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде балаларға зор денсаулық, жақсы білім және жаңа жылда жаңа табыстар тіледі.



Сондай-ақ, биылғы жаңа жылдық сыйлықтарды жерлесіміз, «Анвар» ЖШС президенті Талғат Салфиковтың демеушілігімен даярланғанын ерекше атап өтті.

Балалар кеш барысында өз өлеңдерін оқып, тақпақтарын айтып, өнерлерін көрсетті. Әсересе, Аяз Ата мен Ақшақардың келуі балалардың көңілін көтеріп, мерекелік атмосфераны ерекше жандандырды. Сонымен қатар, мультфильмдер мен ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен ұйымдастырылған көріністер бүлдіршіндердің қиялын одан әрі қанаттандырды.

Кеш барысында балалар көңілді ойындарға қатысты, би биледі, шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, Аяз Атадан сыйлықтарын алды. Мерекелік шара дәстүрлі түрде жасыл шыршаның айналасында ән айтып, хормен жүру арқылы жалғасты.

Бұл кеш әр балаға көтеріңкі көңіл күй мен ерекше әсер сыйлады.

Жаңа жыл – тек балалардың ғана емес, бүкіл аудан тұрғындарының да армандарын ұштастыратын мереке екені тағы бір дәлелденді. Қуаныш пен сиқырға толы бұл күн барлық қатысушылардың есінде ұзақ сақталары сөзсіз.

# ЕСКЕ АЛУ

**Шұбарши ауылы**
**Ақылбек Мұхамедиярұлы**
**31.12.1994-04.06.2012**



Ардақты еткен әр ұл мен қыз анасын
Жамандыққа кім қияды баласын.
Ал, бауырың қан тамырың бойдағы.
Жаза алмайды оның ешкім жарасын.

Не жетеді бауырмен бір жүргенге.
Не жетеді жадырасып күлгенге.
Төрт құбылаң тең болады барулар
Отау тігіп, жалғаса ұрпақ іргенде

Жан бауырым Ақылбегім, арланым
Бұл өмірге тура еді талғамың
Ажал келіп алып кетті арадан
Білдім содан бұл өмірдің жалғанын

Әкем қалған қасіретке малынып
Анаң қалды мұңнан моншақ тағынып
Бауырларың күрсінеді сені ойлап
Жүрміз жаным әлі өзіңді сағынып

Өлең - жырға қозушы еді делебең.
Дос-жаранның сені нұрға теңген
Ортамызда болғанда өттең бауырым
Орда бұзар отыз жасқа келер ең.

Сен кеткелі гүлдеді дала, талай бақ.
Таң атады кейде күңгір, арайлап
Сағынышты басып - басып аламыз.
Төрде тұрған суретіңе қарайлап.

Көп болса да таусылмайтын сұрақ тым.
Жауап таппай көзден жасты құлаттым
Болған іске болаттай бол демей ме.
Шалқи бер тек пейішінде жұмақтың.

**Еске алушылары Анасы,бауырлары**

Ойыл аудандық аурухана ұжымы Ойыл аудандық ауруханасының статист дәрігері Дана Талғатқызы Сүлейменоваға **қайын атасы Мақсат Сүлейменовтің** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы Ойыл аудандық ауруханасының кіші қызметкері Луцева Маринаға анасы **Катерина Ярошенконың** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің дефектолог маманы Сүлейменова Гүлзамираға әкесі **Мақсаттың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебімiздің кіші қызметкері Тоғжанова Бақтыгүлге жолдасы **Шынғалидың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Әскинбаева Жансұлуға ағасы **Сүйіндіктің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің техник мамағы Төреғалиев Наурызбайға әкесі **Базарғалидың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.